



ЕҢБЕК ОЗАТТАРЫ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

2-бет

Орал қаласындағы Жастар мәдениет сарайында еңбек адамын ұлықтап, жас мамандардың ізденісін дәріптеген «Еңбек жолы – 2025» облыстық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Бұл дәстүрлі байқау – еңбек әулеттерінің көпжылдық жолын насихаттап, жастар арасында жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруға бағытталған.

ӨНЕРКӨСІП



КӘСІПОРЫН ЖАҢА КӨКЖИЕКТІ БАҒЫНДЫРМАҚ

4-5-бет

Биылдан бастап елімізде жұмысшы мамандықтарының беделін көтеруге, жұмысшы мамандарын даярлаудың сапасын арттыруға, жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған кешенді жұмыстар қолға алынуда. Осындай ілкімді шаруалардың арқасында көп ұзамай отандық өндіріс орындарының әлеуеті нығайып, толық қуатына көшіп, ел экономикасын өрге тартпақ.

ТУҒАН ӨЛКЕ



27 ҚЫРКҮЙЕК – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТУРИЗМ КҮНІ

7-9-бет

МЕРЕЙ



ҒАЛЫМ БАҚЫТЫ

13-бет

Алтын күздің қоңырсалқын самалы баяу еседі. Егістік алқабындағы түрлі екпе шөптің иісі танауыңды қытықтайды. Ару қыздың өрілген бұрымындай еркелей аққан Деркөл өзенінің жағасындағы тал-теректің сарғыш тартқан жапырақтары Жер-ананың құшағына асыққандай саудырап түсіп жатыр. Жылдың молшылық, берекеті мол айы – осы қыркүйек. Тынысыңды ашатын саф таза ауаны құшырлана жұтқан Гүлшаттың күндегі әдеті – осы, табиғаттың сұлулығына сұқтанбай жүре алмайды.

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral_oniri@inbox.ru



www.facebook.com/zhaikpress



www.zhaikpress.kz



www.instagram.com/zhaikpress



ORAL ÓNİRİ

№78 (21471)

Бейсенбі,

25 қыркүйек 2025 жыл

Бәйтеректе метанол өндіретін зауыт салынады



3

«Жас сақшы» сыныбы



ҚР Ішкі істер құрылымдарының құрметті ардагері, подполковник Ишболат Шектебаев – қоғамдық тыныштық күзетінде ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарған азамат. Ол әр жылдары Жәнібек және Бөрлі аудандарының ішкі істер бөлімдерін басқарған тәжірибелі маман еді. Ишболат Төреқожаұлы зейнетке шыққасын да, қоғамдық өмірге белсенді араласып, жас мамандарды тәрбиелеуге айтулы үлес қосты. Бүгін Бөрлі ауданының орталығы Ақсай қаласындағы №5 мектепте подполковник И. Шектебаевтың атындағы «Жас сақшы» сыныбы ашылады. «Жас сақшының» басты мақсаты – жеткіншектерді қазақстандық патриотизм рухында өжет те батыл болуға және Отан алдындағы жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

ЖАҢАЛЫҚТАР МОЗАИКАСЫ

Алатаудың баурайында, Алматының төрінде




Туар айдың алтыншы жаңасында Ғ. Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының өнерпаздары Алматыдағы Республика сарайында ауқымды концерт қояды. Алатаудың баурайында, Алматының төрінде өтетін аталмыш концертке еліміздің еңбек сіңірген әртістері Қанатқали Қожақов, Қатимолла Бердіғалиев, Донедел Қажымов сынды тұлғаларға қоса, Еркін Өтегенов, Дастан Есентеміров, Дария Бахитова, Ернар Өмірәлиев, Майра Қайдарова сияқты Жайық өнерінің байтақ елге танымал өкілдері де қатыспақ.



«Биленбеген вальстің әуендері»

Осындай атаумен туар айдың үшінші күні облыс орталығындағы «Атамеке» өнер ордасында жазушы-журналист Бауыржан Ғұбайдоллиннің шығармашылық кеші өтеді. Межелі күні сағат 16:00-де басталатын әдеби-мәдени шараға келем деушілерге есік ашық, кіру тегін. Ендеше, әдебиет туралы әсерлі әңгімеге ден қойып, әсем әндер тыңдап қайтуға уақыт табуыңызға тілектеспіз.



ЖК «Карабалин Н.У.», ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2025 жылы 31 қазанда сағат 15:00-де БҚО, Теректі ауданы, Ақсуат ауылдық округі, Айтиев ауылы, М. Мақатаев көшесі, 156 ғимарат мекенжайында ЖК «Карабалин Н.У.» үшін 2025-2034 ж.ж. әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады.

Төтенше жағдайлар немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдауым онлайн режимде өткізіледі. Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек: <https://us05web.zoom.us/j/83176343174?pwd=xG6R1bVRS3f7rFcNa4GtokfSB2bv.1>

Конференция сәйкестендіргіші: 831 7634 3174, кіру коды: 0jricj.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: ЖК «Карабалин Н.У.», мекенжайы: БҚО, Орал қ., Астана шағын ауданы 43, ЖСН 840629300490,

e-mail: nurbekkarabalin@gmail.com, 8 (708) 571-60-46, 8 (777) 797 57 94.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Техбулак» ЖШС, мекенжайы: БҚО, Орал қ., Сарайшық көшесі 44/3, БСН 111240020185, e-mail: tekhbulak@mail.ru, 8 (7112) 50-30-46.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық порталында және «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/activities/directions?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., Астана шағынауданы 43, e-mail: nurbekkarabalin@gmail.com. Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық порталында немесе «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ның қызметкерінің zko_forest@bko.gov.kz электронды поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Кәсіпорындар қауіпсіздікке мән беруі керек

Біздің елімізде өнеркәсіптік қауіпсіздік Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V «Азаматтық қорғау туралы» заңымен реттеледі. Аталған заңға сәйкес қауіпті өндірістік объектілерге – адамдарға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін жоғары уытты, улы, қышқылдандыратын, жанғыш, жарылғыш, тұтанғыш қауіпті заттар өндірілетін, қолданылатын, сақталатын, тасымалданып, жойылатын нысандар жатады.

Физикалық қасиеттеріне байланысты мұнай өнімдері – қауіпті заттар. Мұнай базалары мен жанармай құю стансаларының қауіпсіздігі техникалық регламенттермен белгіленеді. Мұнай базалары, жанармай құю стансаларына қойылатын талаптар ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №342 бұйрығымен бекітілген. Яғни «Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және аутожа-

нармай құю стансалары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» бар.

Мұнай базалары мен жанармай құю стансаларындағы өндірістік процестер өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүзеге асады. Бұл салада қызмет көрсететін маманның рұқсат қағазы болуы шарт. «Азаматтық қорғау туралы» ҚР заңының 79-бабы бойынша қауіпті өндірістік объектіде жұмыс істейтін барлық қызметкерді міндетті оқыту курсы қарастырылған. Оларға талапқа сәйкес келмейтін жабдықтарды қолдануға рұқсат етілмейді. Қызметкерлер үшін қауіпті болуы мүмкін жабдықтың тораптары, бөлшектері, құралдары мен элементтері, сондай-ақ қоршағыш және сақтандырғыш құрылғылардың беткі жақтары қорғаныс түстерге боялуы қажет.

Мекемелерде көбінесе төмендегідей кемшіліктер анықталады:

- жұмысты технологиялық регламенттерсіз жүргізу;
- жоғары қауіпті жұмыстарға наряд-рұқсаттар бермеу;

– ұйым басшысының бұйрығымен бекітілген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау туралы ереже жоқ;

– ұйым басшысы бекітіп, кәсіби авариялық-құтқару қызметімен келісілген апаттарды жою жоспары болмайды;

– найзағайдан қорғайтын жерүсті элементтерінің жай-күйін жыл сайын тексеру нәтижелері болмайды.

Қауіпті өндірістік нысандардың иелері мен басшылары, өндірістік процестердің тікелей орындаушылары мен қатысушылары бірыңғай қызмет еткенде ғана өнеркәсіптік мекемелердегі жұмыс қауіпсіз болады.

Кеңес БАХЫТОВ,
ҚР ТЖМ БҚО ТЖД
өнеркәсіптік қауіпсіздік
басқармасының
мұнай-газ, мұнай химия
өнеркәсібіндегі және
магистральдық құбырлар
ды мемлекеттік бақылау
және қадағалау
бөлімінің бас маманы

«Батыссушар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі реттеліп көрсетілетін қызметтерінің мынадай түрлері бойынша 2025 жылғы 1 қазанынан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданысқа енгізіле отырып, оңайлатылған тәртіппен (жаңадан құрылған субъект) жаңа тарифтерді бекіту туралы өз тұтынушыларының назарына жеткізеді:


– 29.08.2025 ж. №81-НҚ БҚО бойынша табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаментінің бұйрығына сәйкес, Камен топтық су құбырының магистральдық және тарату желілері бойынша ауыз су беру қызметтеріне тариф ҚҚС-сыз 620,51 теңгені құрайды;

– 29.08.2025 ж. №82-НҚ БҚО бойынша табиғи

монополияларды реттеу комитетінің департаментінің бұйрығына сәйкес, Жаңақала топтық су құбырының магистральдық және тарату желілері бойынша ауыз су беру қызметтеріне тариф ҚҚС-сыз 411,40 теңгені құрайды;

– 03.09.2025ж. №84-НҚ БҚО бойынша табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің бұйрығына сәйкес, Орда топтық су құбырының магистральдық құбырлары бойынша ауыз су беру қызметтеріне тариф ҚҚС-сыз 753,77 теңгені құрайды;

Субсидияланған тариф бойынша су алатын халық үшін баға өзгермейді, есепке алу аспаптарымен ҚҚС-пен 90 теңгені, есепке алу аспаптарысыз ҚҚС-пен 200 теңгені құрайды.



Жымпитының желаяғы

Ерте оянуды күн тәртібіне енгізген адамдар танды кофе ішіп, ғаламтордан жаңалық қараумен бастап жатады. Ал ұйқыдан тұра салысымен жылдың қай мезгілі болса да, үстіне үш шелек мұздай су құйынып, көшеде жүгіруді елестетіңіз. Осылай 23 жылдан бері қайталап келе жатқан адамға не деуге болады?!

Жымпиты ауылының тұрғыны Жұмағұл Молдабеков – ерік-жігерін басқаратын жүйелі тәртіптің иесі. Жүгіру – ол үшін жай спорт емес, өмір салты, ішкі тәртібі. Ардагер таң бозарып, күн шығар-шықпас уақытта жолға шығады. Қысы-жазы, жауын-шашын, боран демей, жүйелі дағдысын бір сәтке де үзіп көрмеген. «Бастапқыда денсаулық үшін бастадым. Кейін бұл өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды. Енді жүгіріс бір күнімді де елестете алмаймын», – дейді Жұмағұл Ерікұлы.

Иә, Жұмағұл аға ауыл жастарына үлгі. Ізінен ерген талай буынды тек жүгіруге баулып қоймай, олардың рухани сана-сезімін оятуға да септігін тигізіп жүр. «Адам тек спортпен шұғылданбағаннан немесе дұрыс өмір салтын ұстанбағаннан тез қартаймайды. Адамды ерте қартайтатын – көңілдегі наз, жандағы қапа, жүректегі суықтық. Ешкімге өкпелемей, өмірдегі ыңғайсыз сәттерді тез ұмытып, үнемі күлімдеп жүру – нағыз спорт», – дейді мақала кейіпкері.

Жүмекең биылғы күздің алғашқы жұлдызында мерейлі 60 жасқа толды. Ел оны өзіне демалыс жариялап, бір күн тынығар деп күтті. Алайда ол өзінің жекеменшік мерекесіне орай 60 шақырымдық марафонды тоқтамастан жүгіріп өтті. Спортшы аудан, облыс көлеміндегі марафондарға да белсене қатысады. Бүгінде аудандағы «SYRYM RUNNERS» желаяқтар клубының жетекшісі. Ағайдың Гүлнар есімді асыл жары, Жарас, Талғат, Бақнұр есімді ұл-қыздары және Ерлі, Нүрелі есімді немерелері бар. Атасынан үлгі алған немерелері бүгінде самбо күресінің кілемінде жаттығады. Жұмағұл ағай алдағы 65 жасында 65 шақырымдық, 70 жасында 70 шақырымдық марафонға жүгіруді көздеп отыр. Жүйткіңіз, жүйрік аға!

Қоңдыкер ЕЛЕУОВ,
Сырым ауданы

ЖАҢА АНАМИН АНАМИН КҮНДІГІ
Күнделіктің орталығы

МЕН АНАММЕН БАҚЫТТЫМЫН
Я СЧАСТЛИВА С МАМОЙ

8 800 080 77 71 www.dom-mamy.kz

Қазақстанның әр аймағында бар
Менің үйім – менің отбасым

Газет ҚР Ақпарат және
Қоғамдық даму министрінің
Ақпарат комитетіне 2023 жылғы
19 мамырда тіркеліп,
№9249УУ007042 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ONIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың

қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың

орынбасарлары 54-18-08.

Жауапты хатшы 54-38-22.

Жарнама қабылдау

тел./факс: 51-51-09.

Эл. пошта:

zhaikpress-reklama@mail.ru

Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына

жауап бермейді.

Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған

хат авторларына жауап қайтарылмайды.

Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым

авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін

қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған мате-

риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар

электрондық нұсқада қабылданады.

белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып

есептеледі.

Газет облыстық «Oral oniri» газеті редакциясының

компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46

Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 8925

4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА, Р. АВДЕЕВ

Кезекші редактор: Т.БИСЕН